

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 10 ақпанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге**

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Соңғы жылдары Қазақстанның 2 миллионнан астам халқы бар батыс өңірінің даму әлеуеті Жайық-Каспий бассейніндегі су тапшылығы кезеңінің созылып кетуіне байланысты айтарлықтай зардап шекті.

Антропогендік қызмет, ірі мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші компаниялардың суды технологиялық қажеттіліктерге қайталама пайдалануының кең тәжірибесінің болмауы, Ресей аумағында Траншекаралық су ағындарын қорғау және қолдану жөніндегі халықаралық конвенцияны айналып өтіп, су қоймаларының салынуы, Жайық өзені бассейнінің экологиялық ахуалының тым нашарлауына әкеліп отыр және бұл әлде де жалғаса бермек.

Су тапшылығының салдары Батыс Қазақстан және Атырау облыстарындағы елді мекендерді сумен қамту проблемаларына әкелді, шектеулі шабындықтар мен жайылымдардың шөлейттенуі байқалады, ауыл тұрғындары жем мен мал суару көздерінің болмауы себебінен үй малынан сатып құтылуға мәжбүр.

Сондай-ақ, Жайық өзенінің жайылмасы түгелдей тозған және Каспий теңізінің бекіре тұқымдас балықтарының уылдырық шашуы үшін өз сапасын жоғалтқан. Ғалымдардың пікірінше, жайылмалы ормандардың тозуы себебінен соңғы он бес жылда уылдырық шашатын жерлердің ауданы 80%-ға, яғни 958 гектардан 197 гектарға дейін қысқарды, бұл Жайық өзенімен, Каспий теңізінде бекіре тұқымдас балықтардың азаюына әкелді.

Су кодексінің 20-бабына сәйкес, осыдан 17 жыл бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.01.2004 жылғы №59 қаулысымен ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына Каспий теңізі, Балқаш, Зайсан, Алакөл көлдері және Ертіс өзені кірді. Алайда, ұзындығы бойынша Еуропадағы үшінші өзен болып табылатын және суының көлемі үш жыл бойы орташа көп жылдық көрсеткіштен үш есе төмен болып отырған, Жайық өзені бұл тізімге кірмеген.

Айта кету керек, Жайық өзенімен қатар өңірдің Жем, Ойыл және Сағыз өзендерінде де өте аз ағын байқалады. Бұл жағдайдың басты себептерінің бірі Ақтөбе облысы аумағында өз бетінше салынған бөгеттер болып табылады («Бұқа», «Тәй-Тәй Қаракесек» және Кенжалы, Қиял өзендеріндегі бөгеттері). Олар су шаруашылығы нысаны ретінде ресми тіркелмеген.

Өз кезегінде, аталған өзендердің де өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен маңызы бар және үкіметтік органдар тарапынан оларды сақтап қалу шараларын қажет етеді.

Жайық өзенінің мүшкіл жағдайына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 26 қаңтарда ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде ерекше назар аударып, су ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар, Жайық өзенін сауықтыру жөніндегі қолданыстағы бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру және жаңасын әзірлеу процесі қисынсыз ұзаққа созылып, қандай да бір оң және көзге көрінетін нәтижелер бермеді, ал бұл өзеннің толықтай тартылып кетуі қауіпін төндіреді. Өзен суының тартылу жылдамдығы жыл сайын артып келеді.

Депутаттармен осы мәселені шешу бойынша Үкіметке бірнеше рет сауалдар жіберілді, бірақ бүгінгі күнге дейін тиімді шаралар қабылданған жоқ.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, келесіні ұсынамыз:

- Жайық-Каспий бассейнінде су шаруашылығы жағдайын жақсарту бойынша қабылданып жатқан нақты шаралар, оның ішінде шекаралас мемлекетпен бірлесе су тапшылығы мәселесін шешу бойынша қабылданған шаралар туралы толық ақпарат беру;

- Ресей Федерациясынан көктем мезгілінде келетін судың көлемін көбейту мәселесін шешуді;

- жергілікті атқарушы органдарға заңсыз салынған су қоймалары мен бөгеттерді анықтау және өзендердің арналарын, каналдарды, өзен сағаларын салынды ағаштардан, қамыс-қоғалардан, өзге де қоқыстардан тазарту бағытында тиісті шаралар қабылдауды тапсыруды;

- Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосуды, өйткені ол өңірдің қоршаған ортасы мен экономикасына басым әсер етеді, сондықтан шаруашылық қызметті реттеудің ерекше құқықтық режимін талап етеді;

- Атырау қаласын «Астрахан-Маңғыстау» су құбырына қосу мәселесін қарастыруды;

- Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі 2021-2024 жылдарға арналған Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының бағдарламасын оған гидротехникалық құрылыстар салу мен су қоймаларының жұмыс режимін мақұлдауды қоса отырып түзету және жүзеге асыру процесін жеделдету;

- Қазақстан Республикасы Су кодексінің 103-бабына сәйкес, өңірдің ірі өнеркәсіптік нысандарының айналмалы сумен қамту жүйесіне көшуі жоспарын әзірлеу;

- теңіз суын тұшыту арқылы технологиялық қажеттіліктерге пайдалануды;
- Жайық өзенінен тұтынатын су көлемінің мөлшерін азайту үшін қосымша жер асты суын пайдалану мәселесін қарастыруды;
- Шағын Сағыз, Ойыл, Жем өзендерін сақтау бағдарламасын әзірлеу.

Баяндалғанды ескере отырып, қойылған мәселелердің толық қаралуын қамтамасыз етуді сұраймыз.

Сондай-ақ, Парламент Мәжілісі Регламентінің 153-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрі жауапты Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында беруі қажет деп есептейміз.

**Құрметпен,
Депутаттар,
«NUR OTAN»
партиясы фракциясының
мүшелері**

**«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының мүшесі**

**Д. Турғанов
С. Нақпаев
А. Жамалов
С. Имашева
М. Құлшар**

С. Ерубаяев

Орынд. Нурбаев Н.
т.746434

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

Оглашен 10 февраля 2021 года

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
Мамину А.У.**

Депутатский запрос

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

Последние годы потенциал развития западного региона Казахстана с населением более чем 2 млн. человек значительно пострадал в связи с затянувшимся периодом маловодья в Жайык-Каспийском бассейне.

Антропогенная деятельность, отсутствие повсеместной практики вторичного использования воды на технологические нужды крупными нефтедобывающими и нефтеперерабатывающими компаниями, несогласованное, в обход международной Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков, строительство водоемов на территории России, привели и ведут к еще большему ухудшению экологического состояния бассейна реки Жайык.

Последствия маловодья привели к проблемам водоснабжения населенных пунктов в Западно-Казахстанской и Атырауской областях, наблюдается опустынивание лиманных сенокосов и пастбищ, сельские жители вынуждены избавляться от домашнего скота по причине отсутствия корма и источников водопоя.

Пойма реки Жайык почти полностью деградирована и утратила свои качества для нереста осетровых пород рыб Каспийского моря. По мнению ученых, по причине деградации пойменных лесов за последние пятнадцать лет площадь нерестилищ сократилась на 80%, с 958 га до 197 га, что привело к сокращению воспроизводства осетровых как в реке Жайык, так и в Каспийском море.

В соответствии со статьей 20 Водного кодекса, 17 лет назад постановлением Правительства Республики Казахстан №59 от 21 января 2004 года в число водных объектов особого государственного значения вошли Каспийское море, озера Балхаш, Зайсан, Алаколь и река Иртыш. Однако река Жайык, которая по своей длине является третьей рекой в Европе и уже на протяжении трех лет имеет

водность в три раза меньше от среднемноголетних значений, в этот список не вошла.

Стоит отметить, что наряду с рекой Жайык, наблюдается крайне минимальный сток и на других реках региона Жем, Ойыл и Сагиз. Одной из главных причин этих обстоятельств являются самовольно построенные дамбы и плотины на территории актюбинской области (дамба «Бұқа», «Тэй Тэй қаракесек» и на реках Кенжалы и Киял). В качестве водохозяйственных объектов они официально не зарегистрированы.

В свою очередь, данные реки также имеют большую значимость в социально-экономическом развитии региона, и требуют принятия мер по их сохранению со стороны правительственных органов.

Особое внимание на плачевное состояние реки Жайык обратил в своем выступлении на расширенном заседании Правительства РК 26 января текущего года Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелович Токаев и поручил принять соответствующие меры по сохранению и рациональному использованию водных ресурсов.

Вместе с тем, процесс разработки новых и реализация существующих совместных программ по оздоровлению реки Жайык неоправданно затянулся и не дает каких-либо положительных, видимых результатов, что грозит полному обмелению реки, при этом скорость обмеления увеличивается с каждым годом.

Депутатами неоднократно были направлены запросы в Правительство по решению данной проблемы, но действенных мер до сегодняшнего дня принято не было.

На основании вышеизложенного, предлагаем следующее:

- предоставить полную информацию о конкретных принимаемых мерах по улучшению водохозяйственной ситуации в Жайык-Каспийском бассейне, в том числе, о принимаемых, совместно с сопредельным государством, мерах для решения проблем с маловодьем;

- решить проблему увеличения количества воды, поступающей из Российской Федерации в весенний период;

- поручить местным исполнительным органам принять соответствующие меры по выявлению незаконно построенных водохранилищ и дамб, очистке русел рек, каналов, устьев рек от поваленных деревьев, камыша и иного мусора;

- включить реку Жайык в число водных объектов особого государственного значения, так как она оказывает доминирующее влияние на окружающую среду и экономику региона, и поэтому требует особого правового режима регулирования хозяйственной деятельности;

- рассмотреть вопрос подключения города Атырау к водопроводу "Астрахань-Мангышлак";

- ускорить процесс корректировки и реализации Программы казахстанско-российского сотрудничества по сохранению и восстановлению экосистемы бассейна трансграничной реки Жайык (Урал) на 2021-2024 годы, с включением в нее требований согласования строительства гидротехнических сооружений и режима работы водохранилищ;

- в соответствии со ст.103 Водного кодекса Республики Казахстан разработать план перехода на систему оборотного водоснабжения крупными промышленными объектами региона;

- рассмотреть вопрос использования воды на технологические нужды путем опреснения морской воды;

- рассмотреть вопрос использования дополнительных подземных вод для снижения объемов потребляемой воды из реки Урал;

- разработать программу сохранения малых рек Сагиз, Ойыл, Жем.

Учитывая изложенное, просим обеспечить исчерпывающее рассмотрение поставленных вопросов.

Также считаем необходимым, в соответствии со ст.153 Регламента Мажилиса Парламента, министру экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан огласить ответ на пленарном заседании Мажилиса Парламента.

**С уважением,
Депутаты,
члены фракции
партии «NUR OTAN»**

**Д. Турғанов
С. Накпаев
А. Жамалов
С. Имашева
М. Құлшар**

**Член фракции Демократической
партии Казахстана «Ақ жол»**

С. Ерубает